

"Еуразиялық интеграция: қазіргі заманғы дамудың үрдістері және жаһанданудың тегеурінді талаптары" халықаралық форумын дайындау мен өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 5 маусымдағы N 167-ө
өкімі

2004 жылғы 18-19 маусымда Астана қаласында "Еуразиялық интеграция: қазіргі заманғы дамудың үрдістері және жаһанданудың тегеурінді талаптары" халықаралық форумын өткізуге дайындықты тиімді ұйымдастыру мен үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған "Еуразиялық интеграция: қазіргі заманғы дамудың үрдістері және жаһанданудың тегеурінді талаптары" халықаралық форумын дайындау мен өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, Астана қаласының әкімі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) мен мүдделі ұйымдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне "Еуразиялық интеграция: қазіргі заманғы дамудың үрдістері және жаһанданудың тегеурінді талаптары" халықаралық форумына қатысушылардың тұруына 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 2418840 (екі миллион төрт жүз он сегіз мың сегіз жүз қырық) теңге сомасында қаражат бөлсін.

4. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қажетті баспа басылымдарын дайындауға 1750000 (бір миллион жеті жүз елу мың) теңге сомасында ақы төлесін.

5. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 5 м а у с ы м д а ғ ы

N 1 6 7 ө к і м і м е н

бекітілген

"Еуразиялық интеграция: қазіргі заманғы дамудың үрдістері және жаһанданудың тегеурінді талаптары" халықаралық форумын дайындау мен өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

P/c N	Іс-шаралар	Орындалу	Орындаушылар м е р з і м і
1	2	3	4
1.	Мемлекет басшысының баяндамасын дайындау	2004 жылғы 7 маусым	Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты (келісім бойынша)
2.	Форумға қатысушылардың құрамын келісу	2004 жылғы 7 маусым	Индустрия және сауда министрлігі, Сыртқы істер министрлігі
3.	Форум бағдарламасын және оны өткізу тәртібін, соның ішінде секциялардың жұмыс сценарийін дайындау	2004 жылғы 7 маусым	Индустрия және сауда министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Мәдениет министрлігі, Ішкі істер министрлігі
4.	Іс-шараның қорытынды құжатын - форум қарарын дайындау	2004 жылғы 7 маусым	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты (келісім бойынша)
5.	Баспа басылымдары мен үлестірме материалдарын	2004 жылғы 7 маусым	Индустрия және сауда министрлігі дайындау

6. Форумға қатысушылар үшін қонақ үй нөмірлерін брондау 2004 жылғы 7 маусым Индустрия және сауда министрлігі, Астана қаласының әкімі

7. Республикада және шетелде ақпараттық жариялаулар 2004 жылғы 7 маусымнан жүргізу Ақпарат министрлігі, Сыртқы істер министрлігі бастап

8. Форумға қатысушыларға көліктік қызмет көрсету 2004 жылғы 17-20 маусым Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша), Астана қаласының ә к і м і

9. Астана қаласының әуежайында форумға қатысушыларды күтіп алу мен шығарып салу 2004 жылғы 17-20 маусым Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша), Астана қаласының ә к і м і

10. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің конференц-залы мен басқа да қажетті үй-жайларын 2004 жылғы 16-19 маусым Білім және ғылым министрлігі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (келісім бойынша), Астана қаласының әкімі

т и і с т і ж а б д ы қ п е н
 б е з е н д і р у ж ә н е
 ж а р а қ т а н д ы р у

11. Индустрия және сауда министрі атынан форумға қатысушылар. 2004 жылғы 19 маусым Индустрия және сауда министрлігі, Астана қаласының әкімі

д ы ң құ р м е т і н е р е с м и
 қ а б ы л д а у ж ә н е к о н ц е р т .
 т і к б а ғ д а р л а м а
 ұ й ы м д а с т ы р у

12. Форумға қатысушылар 2004 жылғы Индустрия және сауда
үшін мәдени бағдарлама 17-19 министрлігі, Астана
ұйымдастыру ("Бәйте. маусым қаласының әкімі
р е к " о р т а л ы ғ ы н а
" Д у м а н " о й ы н - с а у ы қ
о р т а л ы ғ ы н а ж ә н е
б а с қ а л а р ы н а б а р у)

13. Форумға қатысушылардың 2004 жылғы Ішкі істер министрлігі
тұратын және форум 17-19
өткізілетін жерлерде маусым
қауіпсіздігін қамта.
м а с ы з е т у , ш е т е л д і к
а з а м а т т а р д ы А с т а н а қ а .
л а с ы н ы ң қ о н а қ ү й л е р і н .
д е т і р к е у , с о н д а й - а қ
ж ү р е т і н б а ғ ы т т а р ы
б о й ы н ш а Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң ж о л
п о л и ц и я с ы м а ш и н а л а р ы .
м е н б і р г е а л ы п ж ү р у